

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2026 жылғы 30 маусымдағы № 263 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2026 жылғы 30 маусымда № 39148 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі қаржылық қолдау департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық ресми жариялануға тиіс және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1-тармағының екінші және бесінші абзацтарын, 2-тармағының екінші және бесінші абзацтарын, 4-тармағының үшінші және алтыншы абзацтарын, 5-тармағының үшінші және алтыншы абзацтарын қоспағанда, 2026 жылғы 12 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау және
дамыту агенттігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Жасанды интеллект

және цифрлық даму министрлігі

Қазақстан Республикасының

Ауыл шаруашылығы

министрі

2026 жылғы 30 маусымдағы

№ 263 бұйрығымен

бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 26 қазандағы № 436 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17741 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және " Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес әзірленді және агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін тиісті қаржы жылына арналған бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде субсидиялау тәртібін айқындайды.

Өткен жылдардың төленбеген міндеттемелері бюджетте міндеттемелерден бос қаражат болған жағдайда, ағымдағы жылдың қаражаты есебінен төленеді.";

3-тармақта:

б) және 7) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"б) дербес шот – субсидиялауға арналған өтінімдерді тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін субсидиялауға арналған өтінімдердің цифрлық тізіліміндегі жазбалар жиынтығы;

7) жеке кабинет – субсидиялауға арналған өтінімдердің цифрлық тізіліміндегі пайдаланушының (қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының), қаржы институтының (көрсетілетін қызметті алушының), субсидиялар қаражатын бөлу жөніндегі жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) дербес веб-парағы;"

20), 21) және 22) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"20) субсидиялауға арналған өтінімдердің цифрлық тізілімі – субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар (көрсетілетін қызметті алушылар) қаржы институттары туралы мәліметтер жиынтығы және субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

21) субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесі (бұдан әрі – СМЦЖ) – "электрондық үкіметтің" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасау, субсидия алуға арналған өтінімді тіркеу, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін, субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған цифрлық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

22) субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесіне қол жеткізуді ұсынатын Интернет желісінде орналастырылған интернет-ресурс;"

30) және 31) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"30) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

31) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).";

4-тармақтың алтыншы бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Басым ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарының тізбесін өнеркәсіптік қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган келесі жылға ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей және тиісті жылға 1 шілдеден кешіктірмей ұсынады. Басым ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарының тізбесін алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті орган оны СМЦЖ-да орналастырады.";

18-тармақтың оныншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) СМЦЖ-да тіркелген кезде көрсеткен электрондық почтасының мекенжайына, сондай-ақ СМЦЖ-дағы жеке кабинетіне жіберіледі.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Ұсыныстарды қабылдау қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) орналасқан жері (заңды мекенжайы) бойынша тиісті жылдың 10 қаңтарынан бастап "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде немесе Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде жүзеге асырылады.

Ұсыныстарды жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) ұсыныстың келіп түскен күні мен уақытына сәйкес кезектілік тәртібімен қарайды.";

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Қарыз алушыға (көрсетілетін қызметті алушыға) субсидия беруден бас тарту Заңның 19-1-бабы 2-тармағында көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады.";

мынадай мазмұндағы 44-1, 44-2, 44-3 және 44-4-тармақтармен толықтырылсын:

"44-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

44-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

44-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 13-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 13-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

44-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай жағдайларда тоқтата тұрады:

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болуы.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсетуді мониторингтеудің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.";

46-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ұсынысты СМЦЖ-да тіркеуді;"

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Қаржы институты субсидиялауға арналған өтінімді "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы береді.

"Цифрлық үкіметтің" веб-порталы мен СМЦЖ-дың ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының цифрландыру заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қарыз алушыда (көрсетілетін қызметті алушыда) және қаржы институтында СМЦЖ-да жеке шоттардың болуы СМЦЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталады.

СМЦЖ-да жеке шоттың болуы қарыз алушыға (көрсетілетін қызметті алушыға) және қаржы институтына өтінімді СМЦЖ-да өздері тіркеуді жүзеге асыруға мүмкіндік

береді, бұл жағдайда өтінім беру қажет етілмейді және ол осындай тіркелген кезден бастап берілген болып есептеледі.";

49-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"49. СМЦЖ-да жеке шот ашу үшін:";

51-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) субсидиялауға арналған өтінімді тіркеу нәтижелері бойынша субсидияларды қаржы институтының арнайы банктік шотына аудару үшін "Қазынашылық-Клиент" цифрлық жүйесіне жүктелетін субсидияларды төлеуге арналған төлем шоттарын СМЦЖ-да қалыптастырады.";

52, 53 және 54-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"52. СМЦЖ-ны пайдалануға осындай жүйенің аттестатталуы және ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігіне және мыналарды қамтамасыз етуге сынақтардың оң нәтижелері болған жағдайда жол беріледі:

1) "Заңды тұлғалар", "Жеке тұлғалар", "Жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесі", "АХАЖ ЦЖ" мемлекеттік дерекқорларымен және "цифрлық үкіметтің" веб-порталымен ақпараттық өзара іс-қимыл;

2) субсидиялар көлемдері бойынша лимиттердің мәртебесі туралы ақпараттың онлайн режимінде қолжетімділігі;

3) субсидиялауға арналған өтінімдерді қабылдауды тоқтата тұру туралы хабарландыруды СМЦЖ-да орналастыру;

4) ЭЦҚ қойылған ұсыныстарды, субсидиялауға арналған өтінімдер мен хабарламаларды веб-портал арқылы беру;

5) жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) шешімдерін электрондық түрде қалыптастыру және оларға ЭЦҚ қою;

6) СМЦЖ-да субсидиялау шартын немесе субсидиялау шартына қосымша келісімді электрондық түрде жасасу және оларға ЭЦҚ қою.

7) қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) банктік шотына субсидияларды аудару үшін қазынашылық органдарына субсидияларды төлеуге арналған төлем шоттарын қалыптастыру.

53. Субсидия беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМЦЖ-да іркіліс болған жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) туындаған жағдай туралы Министрлікті дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін Министрлік 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблемалар туралы хаттама жасайды және оны СМЦЖ-ға орналастырады.

54. Өтінімдерді электрондық түрде қарау кезінде осы Қағидалардың 20, 22, 25, 28, 30, 34, 35, 36, 37, 41, 42 және 43-тармақтарында көзделген іс-шаралар СМЦЖ-да жүзеге асырылады.";

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"60 Жұмыс органының жауапты орындаушысы (көрсетілетін қызметті беруші) өтінім бойынша шешім шығарған немесе қолданыстағы қарыз шартының талаптары (сыйақы мөлшерлемесі, сыйақы төлеу мерзімдері, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша мерзімді кейінге қалдыруды ұсыну) өзгерген сәттен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде СМЦЖ-ға қарыз алушының атауын, қарыз шартының нөмірі мен жасалған күнін, қарыз сомасын, қарыз шартының қолданылу мерзімін, субсидиялау мерзімін, қарыздың нысаналы мақсатын, субсидияланатын сыйақы мөлшерлемесінің пайызын, субсидияның жалпы сомасын, кредиттік шарттың бүкіл мерзіміне сыйақы сомасын (жалпы, субсидияланатын, қарыз алушы төлейтін) негізгі борыштың өзгеру серпінін көрсете отырып, "PDF (Portable Document Format)" электрондық форматында өз шешімінің, жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) мөрімен расталған, қол қойылған субсидиялау шарты мен субсидиялау графиктерінің сканерленген көшірмелері қоса берілген өтінім туралы деректерді енгізеді.";

90-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қаржы институттарының (көрсетілетін қызметті алушылардың) СМЦЖ-да дербес шот ашуы";

91-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"91. СМЦЖ-да жеке шот ашу үшін";

92-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"92. Қаржы институттарының (көрсетілетін қызметті алушылардың) бағдарламаға қатысуға арналған өтінімдерін қабылдауды Министрлік қажеттілігіне қарай есепті жылдың 10 қаңтарынан 1 желтоқсанына дейін СМЦЖ арқылы жүзеге асырады.";

93-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бағдарламаға қатысуға өтінімдерді СМЦЖ-да тіркеуді";

95-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) бағдарлама бойынша субсидиялар алуға арналған өтінімді тіркеу нәтижелері бойынша қаржы институтының (көрсетілетін қызметті алушының) банк шотына субсидиялар аудару үшін "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге арналған төлем шоттарын СМЦЖ-ға қалыптастырады.";

96-тармақтың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі қаржы институттары (көрсетілетін қызметті алушылар) СМЦЖ-ға тіркеу кезінде көрсеткен электрондық почта мекенжайына, сондай-ақ СМЦЖ-дағы жеке кабинетке жіберіледі.";

105-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"105. Аттестаттау және осындай жүйенің ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін сынаудың оң нәтижелері және онымен мыналарды қамтамасыз ету жағдайында СМЦЖ-ны пайдалануға жол беріледі:"

1) субсидиялар көлемі бойынша лимиттердің мәртебесі туралы ақпараттың онлайн-режимде қолжетімділігі;

2) бағдарламаға қатысуға өтінімдерді және ЭЦҚ қойылған бағдарлама бойынша субсидиялар алуға өтінімдерді электрондық түрде беру;

3) Министрліктің шешімдерін электрондық түрде қалыптастыру және оларға ЭЦҚ-мен қол қою;

4) СМЦЖ-да тікелей субсидиялау шартын және (немесе) тікелей субсидиялау шартына қосымша келісімді электрондық түрде жасасу және оларға ЭЦҚ-мен қол қою;

5) екінші деңгейдегі банкте ашылған қаржы институтының (көрсетілетін қызметті алушының) ағымдағы шотына субсидия аудару үшін қазынашылық органдарына субсидиялар төлеуге төленетін шот қалыптастыру.";

114 және 115-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"114. Заңның 25-бабы 2-тармағына сәйкес қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының)/қаржы институтының шағымын:

жергілікті атқарушы орган, Министрлік тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде;

мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

Заңның 25-бабы 4-тармағына сәйкес жергілікті атқарушы органның, Министрліктің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда, 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген қарыз алушыға (көрсетілетін қызметті алушыға) ұзарту себебін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

115. Мемлекеттік корпорация арқылы қызметті көрсету кезінде Мемлекеттік корпорация жұмыскерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Мемлекеттік корпорация басшысының атына не цифрландыру саласындағы уәкілетті органға беріледі.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына 3-қосымшада:

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шеңберінде "e-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі" цифрлық жүйесінің "Ауыл шаруашылығы техникасын мемлекеттік тіркеу" кіші жүйесінде жаңа, бұрын пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығы және тіркелген ауыл шаруашылығы техникасы субсидиялануға тиіс.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына 7-қосымшада:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) немесе "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады. Бағдарлама шеңберінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау кезінде өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру портал арқылы жүзеге асырылады.
---	---	--

";

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған)/қағаз түрінде. Бағдарлама шеңберінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау кезінде - электрондық (ішінара цифрландырылған).
---	-----------------------------------	--

";

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы	
--	---	--

6	мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
---	---	--------

”;

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

”

8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі	порталға: қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) және қаржы институтының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыныс. Бағдарлама шеңберінде - қаржы институтының (көрсетілетін қызметті алушының) электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында қаржы институтының (көрсетілетін қызметті алушының) Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағдарламаға қатысуға арналған өтінімі. Субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесіндегі қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының)/қаржы институтының (көрсетілетін қызметті алушының) "жеке кабинетіндегі" мемлекеттік қызметті көрсету үшін ұсынымның қабылданғаны туралы тиісті мәртебе қаржы институттарының (көрсетілетін қызметті алушылардың) бағдарламаға қатысуға арналған ұсыныстарының/өтінімдерінің қабылданғанын растау болып табылады. Мемлекеттік корпорацияға (заңды тұлға үшін өкілеттігін растайтын сенімхат бойынша, жеке тұлға үшін нотариалды куәландырылған сенімхат немесе оның өкілеттігін растайтын өзге де құжат бойынша өкіл жүгінген жағдайда): 1) өтеу графигі бар қарыз шартының, субсидиялау графигінің көшірмесін қоса бере отырып, Қағидаларға 2-
---	---	--

	қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыныстар; 2) субсидияланатын немесе субсидияланбайтын сыйақы мөлшерлемесі бөліктерінің есептемелері бар жаңартылған өтеу графигінің жобасы (субсидияланатын немесе субсидияланбайтын бөліктерінің есептемелерімен мөлшерлемелер көрсетілетін қызметті берушіге жіберіледі); 3) қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) кредит алғаны туралы кредит шотынан үзінді көшірме (екінші деңгейдегі банктер үшін) немесе қарыз аударылғанын/лизинг нысанасының берілгенін растайтын құжат. Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметін бастау туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші "цифрлық үкіметтің" шлюзі арқылы мемлекеттік цифрлық жүйелерден алады. Көрсетілетін қызметті алушылардан цифрлық жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.
--	---

".
;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына 17-қосымшада:

7) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"7) жаңа, бұрын пайдаланылмаған ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдығы және "e-Agriculture" агроөнеркәсіптік кешен салаларын басқарудың бірыңғай автоматтандырылған жүйесі" цифрлық жүйесінің "Ауыл шаруашылығы техникасын мемлекеттік тіркеу" кіші жүйесінде тіркелген ауыл шаруашылығы техникасы субсидиялануға жатады."

2. "Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларын бекіту туралы"

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17320 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК) субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

21), 22), 23) және 24) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"21) субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесі (бұдан әрі – СМЦЖ) – субсидия алуға арналған өтінімді тіркеу, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін, субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған цифрлық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

22) субсидиялауға арналған өтінімдердің цифрлық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтер жиынтығы және СМЦЖ-да көрсетілген өзге де мәліметтер;

23) субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісінде орналастырылған, субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

24) Электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).";

4-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Жыл сайын тиісті жылдың 1 ақпанына дейін жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің), жергілікті атқарушы органдардың (оның ішінде аудандық/қалалық) және қоғамдық және үкіметтік емес салалық ұйымдардың өкілдері болып табылатын басқа да ұйымдардың қызметкерлері қатарынан мамандар тобын құрады және СМЦЖ-ға тіркейді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы Қағидалардың 4-тармағына сәйкес мамандар топтарының құрамына кіретін адамдар еңбек демалысында, іссапарда, уақытша еңбекке жарамсыз кезеңінде болуына, жұмыстан босатылуына байланысты СМЦЖ-ға қолжетімділік шектеулі болатын жағдайларды қоспағанда, көрсетілген адамдарда СМЦЖ-ға үнемі қолжетімділік болады. СМЦЖ-ға қолжетімділікке шектеу осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс органының субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесіне қолжетімділігін шектеу туралы хабарламасымен расталады.";

10-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"1.1 жоба паспортында көрсетілген машиналарды және жабдықтарды субсидиялау басым ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтарының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) сәйкес жүзеге асырылады. Тізбені индустриялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы уәкілетті орган ағымдағы жылдың 1 желтоқсанынан кешіктірмей келесі жылға және 1 шілдеден кешіктірмей тиісті жылға береді. Агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті орган Тізбені алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде СМЦЖ-да орналастырады.";

11-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"11. №1 (мал басына ең төменгі норматив болған кезде), № 4, № 6 жобалардың паспорттары үшін инвесторда (көрсетілетін қызметте алушыда) ірі қара малдың шартты бастарының тиісті мөлшері болуы қажет, ол субсидиялаудың цифрлық жүйесі мен ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордың ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. № 1 (жер учаскелері бойынша ең төменгі норматив болған кезде), № 2, № 4, № 13, № 14 жобалардың паспорттары үшін инвесторда (көрсетілетін қызметті алушыда)

СМЦЖ-ның жылжымайтын мүліктің бірыңғай мемлекеттік кадастрының цифрлық жүйесімен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған жер пайдалану және (немесе) жеке меншік құқығында ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесінің (учаскелерінің) тиісті алаңының болуы қажет.

Ауыл шаруашылығы кооперативінен өтінім берілген жағдайда, ауыл шаруашылығы кооперативінің мүшелерінде тіркелген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің жиынтық алаңы ескеріледі.

Бұл ретте ауыл шаруашылығы кооперативіне мүшелік СМЦЖ-ның "Занды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорымен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы расталады.

Қызметін бірлескен кәсіпкерлік түрінде жүзеге асыратын, мүшелерінің атына жер учаскелері тіркелген шаруа немесе фермер қожалығынан № 1, № 2, № 4, № 13, № 14 жобалардың паспорттары бойынша өтінім берілген жағдайда, сатып алынған, шаруа немесе фермер қожалығының мүшесіне тіркелген техникаға және (немесе) машиналарға субсидия беруге жол беріледі.

Шаруа немесе фермер қожалығына мүшелік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректерімен салыстырып-тексеру арқылы расталады.";

14 және 14-1-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Сатып алынған тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді электрондық шот-фактуралармен растау электрондық шот-фактуралардың цифрлық жүйесі арқылы жүзеге асырылады (қаржы лизингіне сатып алынған тауарларды қоспағанда). 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін жүзеге асырылған шығыстар қағаз түріндегі шот-фактуралармен расталады.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші (ауыл шаруашылығы кооперативі) техниканы, машиналарды және/немесе жабдықты электрондық шот-фактуралардың цифрлық жүйесін пайдаланбайтын шетелдік өндірушіден тікелей сатып алған кезде сатып алуға жұмсалған шығындар тауарларға арналған кедендік декларациямен (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын үшінші елдерден) немесе Қазақстан Республикасының Салық кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 530-бабының 2-тармағына сәйкес тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтінішпен (өтініштермен) (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан) расталады.

14-1. Инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) субсидияларды алмаған жағдайда (мемлекеттік қолдау шараларын алу үшін электрондық шот-фактураны пайдаланбаған кезде), инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) өтініші бойынша жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) 5 (бес) жұмыс күні ішінде СМЦЖ арқылы электрондық шот-фактураларды бұғаттан шығаруды жүзеге асырады.";

21 және 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Инвестициялық субсидиялауға өтінім беру "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде жүзеге асырылады және СМЦЖ-да тіркеледі.

"Цифрлық үкіметтің" веб-порталы мен СМЦЖ-дың ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының цифрлық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Инвесторда (көрсетілетін қызметті алушыда) СМЦЖ-да жеке шотының бар болуы СМЦЖ-дың "Занды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталады.

22. Жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) шешімін алу үшін инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) ЭЦҚ-сы қойылған инвестициялық субсидиялауға арналған электрондық өтінімді береді, өтінімде көрсетілген қажетті құжаттар "PDF (Portable Document Format)" форматында (инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) қолы қойылған және мөрімен (бар болса) куәландырылған қағаз нұсқаның сканерленген көшірмесі) қоса беріледі.

Бұл ретте жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) өтінім тіркелген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде инвестициялық жобаның осы Қағидалардың шарттарына сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы шешім қабылдайды.

Инвесторға (көрсетілетін қызметті алушыға) жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) ЭЦҚ-сы қойылған электрондық құжат нысанында жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес инвестициялық жобаның сәйкестігі/сәйкес еместігі туралы шешімі туралы және жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес жоба паспорты бойынша инвестициялық субсидияларды төлеу/төлеуден бас тарту туралы шешімі туралы хабарлама жолданады.

Хабарлама инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) СМЦЖ-да тіркелген кезде көрсеткен электрондық почта мекенжайына, сондай-ақ СМЦЖ-ғы "жеке кабинетіне" жолданады.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуді мониторингтеудің цифрлық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) техниканы және/немесе автомобильдерді сатып алғанын растау СМЦЖ-дың ауыл шаруашылығы техникасының мемлекеттік тізілімімен және/немесе "Автомобиль" дерекқорымен ақпараттық өзара іс-қимылы арқылы жүзеге асырылады.";

28-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Инвестициялық субсидияларды беруден бас тарту туралы шешімді жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) СМЦЖ-да мамандар тобының қарап-тексеру актісінің негізінде немесе инвестициялық жобаның және/немесе ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі анықталған кезде қабылдайды.";

мынадай мазмұндағы 28-1, 28-2, 28-3 және 28-4-тармақтармен толықтырылсын:

"28-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

28-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

28-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 13-2 - тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 13-2 - тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

28-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай :

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда тоқтата тұрады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын

мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда тоқтата тұрады.";

30, 30-1 және 31-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Өтінімді қарау нәтижелері туралы мәліметтер инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) "жеке кабинетіне" жіберіледі және веб-порталда көрсетіледі.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) оң шешім қабылдаған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) электрондық нысанда СМЦЖ арқылы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық субсидиялау шартын және осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық субсидиялау объектісін нысаналы пайдалану және иеліктен шығармау туралы келісімді қалыптастырады және қол қояды, олар инвесторға (көрсетілетін қызметті алушыға) қол қою үшін автоматты түрде жіберіледі.

Субсидия беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМЦЖ-да іркіліс болған жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) туындаған жағдай туралы агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті органды дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті орган 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оны СМЦЖ-ға орналастырады.

30-1. Мұрагер (лер) мұрагер құқықтарын иеленген жағдайда, мұрагер (лер) СМЦЖ арқылы жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) осы Қағидаларға 13-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялау шартына өзгерістер енгізу туралы хабарлама жібереді.

Алынған хабарлама негізінде жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) 2 (екі) жұмыс күні ішінде инвестициялық субсидиялау шартына инвестордың деректерін түзету бөлігінде қосымша келісім қалыптастырады. Қосымша келісім субсидиялауды жандандыруға негіз болып табылады.

31. Жасалған инвестициялық субсидиялау шарттары резервке (күту парағына) енгізіледі және инвестициялық субсидиялау шартын жасасу сәтінде қолданылатын талаптар мен өлшемшарттар бойынша субсидиялауға жатады.

Инвестициялық субсидиялау шарттарын резервке (күту парағына) жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) өтінімдер келіп түскен күні мен уақытына сәйкес кезектілік бойынша енгізеді.

Инвестициялық субсидиялау шартын резервке (күту парағына) енгізу туралы ақпарат СМЦЖ-да көрсетіледі.

Резервке (күту парағына) келіп түскен инвестициялық субсидиялау шарттары бойынша субсидиялар төлеу ағымдағы қаржы жылында қосымша бюджет қаражатын бөлу кезінде резервке (күту парағына) инвестициялық субсидиялау шартының келіп түскен күні мен уақытына сәйкес кезектілік бойынша жүзеге асырылады. Ағымдағы

қаржы жылында резервке (күту парағына) келіп түскен инвестициялық субсидиялау шарттары бойынша қосымша бюджет қаражаты болмаған жағдайда, субсидиялар төлеу келесі қаржы жылында жүзеге асырылады.

Ағымдағы қаржы жылында күту парағындағы субсидиялау шарттары бойынша өтінімдерді төлеудің басталу уақыты мен күнін көрсете отырып, қосымша бюджет қаражатын бөлу туралы хабарлама СМЦЖ-да тіркелген кезде инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) көрсеткен электрондық почта мекенжайына, сондай-ақ СМЦЖ-дағы " жеке кабинетке" жіберіледі.";

38-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Инвестициялық субсидиялау мониторингін инвестициялық субсидиялау шарты жасалған сәттен бастап 3 (үш) жыл ішінде СМЦЖ-да мынадай өлшемшарттар бойынша жүзеге асырады:";

39, 40 және 41-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Мониторинг функцияларын жүзеге асыру үшін жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестордан (көрсетілетін қызметті алушыдан) осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген мониторинг шарттарын орындау үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге арналған субсидиялардың игерілгені туралы есепті қалыптастыру үшін сұратылатын ақпараттың тізбесін СМЦЖ-ға жолдау арқылы қажетті ақпаратты сұратады.

Жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) сұратылатын ақпарат тізбесін сұрағаны туралы хабарлама инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) СМЦЖ-ға тіркеу кезінде көрсеткен электрондық почта мекенжайына, СМЦЖ-дағы "жеке кабинетке", сондай-ақ хабарламаның тіркелуін қамтамасыз ететін ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша қосымша мәтіндік хабарламамен жіберіледі.

Инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) 15 (он бес) жұмыс күні ішінде сұратылған ақпаратты СМЦЖ-да орналастыру арқылы жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) ұсынады.

Инвестордың сұратылған ақпаратты көрсетілген мерзімдерде жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) ұсынбауы жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) инвестициялық субсидиялауды тоқтату және төленген инвестициялық субсидияларды қайтаруды талап ету туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады.

Бұл ретте төленген инвестициялық субсидияларды қайтаруды инвестор жүзеге асырады.

40. Субсидиялаудың цифрлық жүйесінде қалыптастырылған мониторинг деректері негізіндегі талдауды жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) тексереді және келіседі.

Инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) құрылыс-монтаждау жұмыстарын субсидиялау жүзеге асырылған инвестициялық жобаның бизнес-жоспарына сәйкес өндірістік қуаттардың өндіргіштік және/немесе өнімділік және/немесе өнімді өткізу және/немесе жүктеу бойынша көрсеткіштерге қол жеткізбеген жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) факт анықталған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде осы тармақта көзделген іс-қимылдарды қабылдайды. Бұл ретте төленген субсидияларды қайтармау туралы шешім инвестор (көрсетілетін қызметте алушы) болжай алмайтын және алдын ала алмайтын еңсерілмейтін күштің мән-жайлары салдарынан болатын объективті факторлар негізінде қабылданады.

Инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) сатып алынған техниканы, машиналарды және/немесе жабдықтарды иеліктен шығарған және/немесе мақсатты пайдаланбаған, өндіріс объектісі пайдалануға берілген сәттен бастап күнтізбелік үш жыл ішінде жұмыс істемеген немесе объект бизнес-жоспарда көзделген мерзімдерде кемінде 50 (елу) % мөлшеріндегі жобалық қуатқа шықпаған, сондай-ақ инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) қызметінің негізгі және қосымша түрінің осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес келмейтіндігі анықталған, Қазақстан Республикасының Салық кодексіне, Азаматтық кодексіне, Оңалту және банкроттық туралы заңына сәйкес инвесторға (көрсетілетін қызметті алушыға) қатысты тарату, оңалту немесе банкроттық рәсімдері, инвестордың (көрсетілетін қызметті алушының) кредиттік/лизингтік шарт бойынша міндеттемелерді бұзуына және лизинг нысанасын алып қоюға байланысты кредиттік/лизингтік шартты бұзу фактісі анықталған жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестициялық субсидияларды қайтару туралы шешім қабылданған сәттен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде қаражаттың қайтарылуы бойынша сот талқылауына бастамашылық жасайды.

Инвестор (көрсетілетін қызметті алушы) кредиттік/лизингтік шарт бойынша міндеттемелерді бұзғандықтан және лизинг нысанасы алып қойылғандықтан, кредиттік /лизингтік шарт бұзылған жағдайда, қаржы институты 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) СМЦЖ арқылы хабарлайды.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) инвестициялық субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылданған шешімнің себебін көрсете отырып, инвесторды (көрсетілетін қызметті алушыны) хатпен хабардар етеді.

Бұл ретте жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) ағымдағы қаржы жылында жүргізілген төлемдерді қайтаруды орындалмаған міндеттемелер сомасын ұлғайту және бюджеттік шығыстар жіктеуішінің тиісті кодтары бойынша кассалық шығыстарды азайту жолымен жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) кассалық шығыстарын қалпына келтіре отырып, жүзеге асырады. Өткен жылдардың төлемдері қайтарылған жағдайда, қайтарылған сома төлем жүргізілген тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

41. Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) тоқсан сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге арналған субсидияларды игеру туралы есепті СМЦЖ арқылы агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті органға ұсынады.

Жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) инвестициялық салымдар кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуге арналған субсидияларды игеру туралы жылдық есебі осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірілмей СМЦЖ арқылы агроөнеркәсіптік кешен саласындағы уәкілетті органға ұсынылады. Сондай-ақ, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) СМЦЖ арқылы осы Қағидалардың 38-тармағында көрсетілген шарттардың мониторингі туралы есеп береді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына 7-қосымшаның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесінде мамандар тобы мүшесінің қолжетімділігін шектеу туралы хабарлама";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу бойынша субсидиялау қағидаларына 8-қосымшада:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
---	---	--

";

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған).
---	-------------------------------------	--

";

3. "Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 24 желтоқсандағы № 457 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19753 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялау қағидаларында:

22-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) субсидиялауға арналған өтінім сомасы келісімге сәйкес келген жағдайда, субсидияларды эмитенттің банк шотына аудару үшін "Қазынашылық-Клиент" цифрлық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге арналған шотты қалыптастырады және төлеуге жібереді;"

4. "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 205 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13876 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталылсын;
кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына , сондай-ақ "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді, 2013-2015 жылдары қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия мақұлдаған агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК) субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау және " Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау" мемлекеттік қызметін көрсету тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"2) жеке шот – субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесінде ашылатын, пайдаланушыны тану (аутентификациялау) және оның жеке деректері мен

баптауларына қолжетімділік беру үшін қажетті, тізілімде тіркелген пайдаланушы туралы ақпаратты көрсететін шот;";

19), 20) және 21) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"19) субсидиялауға арналған өтінімдердің цифрлық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар (көрсетілетін қызметті алушылар), қаржы институттары туралы мәліметтер жиынтығы және субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесінде көрсетілген өзге де мәліметтер;

20) субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесі (бұдан әрі – СМЦЖ) – субсидиялау шарттарын өзгертуге арналған өтінімді тіркеу, сондай-ақ өтінімді субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін, цифрлық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

21) субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – веб-портал) – Интернет желісінде орналасқан, СМЦЖ-ға қолжетімділік беретін интернет-ресурс;";

23) және 24) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"23) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда , мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

24) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).";

19-тармақта:

1), 2) және 3) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қаржы институтының/қаржы агентінің "цифрлық үкіметтің" веб-порталы арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидиялауға арналған өтінімді беруі.

"Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшада жазылған.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне субсидияларды алу сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.

"Цифрлық үкіметтің" веб-порталы мен СМЦЖ-дың өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасының цифрландыру заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады;

2) субсидиялауға арналған өтінімнің СМЦЖ-да тіркелуі;

3) деректері СМЦЖ-дың "Занды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған қаржы институтында/қаржы агентінде жеке шоттарының СМЦЖ-да болуы;"

22-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) қаржы институтының/қаржы агентінің СМЦЖ-да өз бетінше тіркелуі үшін ЭЦҚ-сы болады;"

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Субсидиялауға арналған өтінімді қалыптастыру мен тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) СМЦЖ тексеру үшін қажетті мәліметтерді енгізе отырып, субсидиялауға арналған өтінім қалыптастырылады;

2) субсидиялауға арналған өтінім қаржы институтының/қаржы агентінің ЭЦҚ-ны пайдалана отырып қол қоюы арқылы СМЦЖ-да тіркеледі және жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) электрондық мекенжайына субсидиялауға арналған өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электрондық хабархат жіберіледі;

3) СМЦЖ-да қаржы институтының/қаржы агентінің Жеке кабинетінде мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұранымның қабылданғаны туралы тиісті мәртебе өтінімнің қабылданғанын растау болып табылады.";

26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы субсидиялауға арналған өтінімді тіркеген сәттен бастап (1) бір жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны пайдалана отырып қол қою жолымен оның қабылданғанын растайды. Осы хабарлама өз бетінше тіркелген жағдайда, СМЦЖ-да қаржы институтының/қаржы агентінің Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

27. Жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы осы Қағидалардың 26-тармағына сәйкес субсидиялауға арналған өтінім берілген күннен кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Қаржыландыру жоспарына сәйкес СМЦЖ-да жұмыс органы басшысының (көрсетілетін қызметті берушінің) ЭЦҚ-сы қойылатын, "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге арналған төлем тапсырмаларын қалыптастырады.

Субсидиялар көлемі Қаржыландыру жоспарында тиісті айға көзделген бюджет қаражатының көлемінен асатын субсидиялауға арналған өтінімдер бойынша субсидияларды төлеу субсидиялауға арналған өтінім берілген сәттен бастап кезектілік тәртібімен келесі айда жүзеге асырылады.";

33, 34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарт бойынша төлем күні келген және қаржы институтының арнайы банктік шотында сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін төлеу үшін қаражат болмаған жағдайда, қарыз алушы (көрсетілетін қызметті алушы) сыйақының толық мөлшерлемесін төлеуді өз қаражаты есебінен жүзеге асырады. Қаржы институты төлем күні келгенге дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын СМЦЖ-да қарыз алушыны (көрсетілетін қызметті алушыны) сыйақының толық мөлшерлемесін өз қаражаты есебінен төлеу қажеттігі туралы хабардар етеді. Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына қаражат аудару арқылы өтейді. Мұндай жағдайда қаржы институты қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) есептік шотына субсидияланатын сыйақы мөлшерлемесін аудару арқылы қарыз алушыға (көрсетілетін қызметті алушыға) бұрын төленген сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін өтеуді жүзеге асырады.

34. Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) ай сайын СМЦЖ-да жасалған субсидиялау шарттарына сәйкес жиынтық соманы қалыптастырады және субсидияларды кезекті төлеу жүзеге асырылатын айдың алдындағы айда пайыздық мөлшерлеменің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының арнайы банктік шотына ай сайын аванстық төлеммен аударды.

35. Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) СМЦЖ-да қаржы институтынан қолданыстағы субсидиялау шартының талаптарын өзгерту туралы хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде:

1) субсидиялау шартының өзгертілген талаптарының осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады;

2) ұсынылатын өзгерістер осы Қағидалардың шарттарына сәйкес келген жағдайда жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының ЭЦҚ-сын қою арқылы субсидиялау шартына өзгеріс енгізу жөнінде шешім қабылдайды және ресімдейді және бұл туралы қарыз алушыны (көрсетілетін қызметті алушыны) 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

Қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік және лизингтік шарттар бойынша талаптар өзгертілген жағдайда, қаржы институты цифрлық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) келісімін алады.";

37-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік және лизингтік шарттар бойынша талаптарды (сыйақы мөлшерлемесі, төлеу мерзімі, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша кейінге қалдыруды ұсыну) жылына бір рет қана өзгертуге болады. Бұл ретте, қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік

және лизингтік шарттардың қолданыс мерзімдері өзгертілген (ұзартылған) жағдайда, субсидиялау мерзімдері ұзартылмайды, сондай-ақ сыйақыны негізгі борышқа капиталдандыруға жол берілмейді.

Қаржы институты/қаржы агенті СМЦЖ-да қабылданған қаржыландыру шарттарын өзгерту жөніндегі шешімнің көшірмесін, негізгі борышты, сыйақыны және субсидиялар көлемін өтеудің жаңартылған графигін қоса бере отырып, бұл туралы жұмыс органын (көрсетілетін қызметті берушіні) хабардар етеді.";

39-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"39. Қаржы институты қолданыстағы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарттың талаптарын (пайыздық мөлшерлеме, сыйақыны төлеу мерзімі, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша кейінге қалдыруды ұсыну) өзгерткен жағдайда, қаржы институты күнтізбелік 10 (он) күн ішінде СМЦЖ-да жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) беру үшін қаржыландыру шарттарын өзгерту жөнінде қабылданған шешімнің көшірмесін, негізгі борышты және сыйақыны өтеудің жаңартылған графигін қамтитын құжаттар топтамасымен бірге хабарлама жолдайды.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Қаржы институты қолданыстағы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/кредиторлық/лизингтік шарттың талаптарын (негізгі борыштың барлық сомасын немесе оның бір бөлігін төлеу бойынша кейінге қалдыруды ұсыну) өзгертуді жоспарлаған жағдайда, ол 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы қаржы агентіне жазбаша хабарлайды.

Қаржы агенті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаржы институтына негізгі борышты немесе оның бір бөлігін өтеу графигін өзгертуге келісу немесе келіспеу туралы хат жолдайды.

Қаржы институты қаржы агенті хатының негізінде мынадай іс-шаралардың бірін жүргізеді:

1) қаржы агенті негізгі борыштың барлық сомасын немесе оның бір бөлігін өтеу графигін өзгертуге келісім берген жағдайда, СМЦЖ-да жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысына қабылданған қаржыландырудың шарттарын өзгерту жөніндегі шешімнің көшірмесін, негізгі борышты өтеудің жаңартылған графигін және қаржы агентінің хатын қамтитын құжаттар топтамасымен бірге хабарлама жолдайды;

2) қаржы агенті негізгі борышты немесе оның бір бөлігін өтеу графигін өзгертуге келісім бермеген жағдайда, СМЦЖ-да қарыз алушыға (көрсетілетін қызметті алушыға) қорландыру қаражатын қатыстырмай қаржылық сауықтыру шараларын әрі қарай қолдану мүмкіндігін қарастыруға қатысты құжаттар топтамасымен бірге жұмыс органына (көрсетілетін қызметті берушіге) хабарлама жолдайды.";

44 және 45-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Қаржы институты/қаржы агенті субсидиялау шартын жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) біржақты бұзуы үшін негіз болып табылатын оқиғаның болғаны туралы оған белгілі болған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде СМЦЖ-да жұмыс органын (көрсетілетін қызметті берушіні) осындай оқиға туралы хабардар етуі қажет.

Жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) қаржы институтынан/қаржы агентінен хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде субсидиялау шартын тоқтатуға шешім қабылдайды және оны ресімдейді және бұл туралы қаржы институтын/қаржы агентін хабардар етеді.

Қаржы институты/қаржы агенті жұмыс органының (көрсетілетін қызметті берушінің) тиісті шешімі туралы хабарлама алған күннен бастап субсидиялау шарты бұзылды деп есептеледі.

45. Қарыз алушыға (көрсетілетін қызметті алушыға) осы Қағидаларға 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында субсидиялар беру нәтижесі туралы хабарлама жолданады.

Хабарлама қарыз алушының (көрсетілетін қызметті алушының) СМЦЖ-да тіркелген кезде көрсеткен электрондық почтасының мекенжайына, сондай-ақ СМЦЖ-дағы Жеке кабинетіне жолданады.";

мынадай мазмұндағы 46-1, 46-2, 46-3 және 46-4-тармақтармен толықтырылсын:

"46-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

46-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

46-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 13-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 13-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

46-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай :

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда тоқтата тұрады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда тоқтата тұрады.";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Субсидия беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМЦЖ-да іркіліс болған жағдайда, жұмыс органы (көрсетілетін қызметті беруші) Министрлікке туындаған жағдай туралы дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін Министрлік 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оны СМЦЖ-ға орналастырады.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына 2-қосымшада:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	Заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) өтінімдерін қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру "цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
---	---	--

";

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толық цифрландырылған).
---	-----------------------------------	--------------------------------------

";

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
---	--	--------

";

реттік нөмірі 8-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

8	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесіне көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында субсидиялауға арналған өтінімді береді.
---	--	---

".

5. "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 9-1/71 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12183 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 14) тармақшасына, "Мемлекеттік және әлеуметтік жауапкершілігі бар көрсетілетін қызметтер туралы"

Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау тәртібін, сондай-ақ "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.";

2-тармақта:

4) және 5) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"4) жеке кабинет – пайдаланушының (қарыз алушының, кепілгердің/сақтандыру ұйымының, ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің))/уәкілетті органның (көрсетілетін қызметті берушінің) субсидиялауға арналған цифрлық тізілімдегі жеке веб-парақшасы;

5) жеке шот – субсидиялауға арналған цифрлық тізілімде қамтылған, субсидиялауға арналған өтінімдерді тіркеу және олар бойынша операцияларды есепке алу мақсатында тіркелген тұлғаны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін жазбалар жиынтығы;"

12) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"12) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім – кепілдендіру бойынша субсидия алуға өтінім берілгенге дейін кепілгердің субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесінде субсидия сомасын резервке қоюға арналған электрондық өтінімі;"

21), 22) және 23) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"21) субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесі (бұдан әрі – СМЦЖ) – "электрондық үкіметтің" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасау, субсидия алуға арналған өтінімді тіркеу, сондай-ақ өтінімнің субсидиялау шарттарына сәйкестігін автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеу мүмкіндігін беретін, субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған цифрлық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

22) субсидиялаудың мемлекеттік цифрлық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – СМЦЖ веб-порталы) – Интернет желісінде орналастырылған, СМЦЖ-ға қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

23) субсидиялауға арналған өтінімдердің цифрлық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – субсидия алуға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, кредиторлар туралы мәліметтер жиынтығы және СМЦЖ-да көрсетілген өзге де мәліметтер;"

26) және 27) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"26) "цифрлық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, мемлекеттік қызметтер көрсетуге қатысатын мемлекеттік органдар мен өзге де

субъектілер орналастыратын шоғырландырылған ақпаратқа, сондай-ақ электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де көрсетілетін қызметтерге қол жеткізудің "бірыңғай терезесін" білдіретін цифрлық объект;

27) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілті мен электрондық цифрлық қолтаңба құралдарын пайдалана отырып жасалған, электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын цифрлық жазба (цифрлық деректер жиынтығы).";

15, 16, 17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Кепілдендіру бойынша субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді :

1) кепілгердің кепілдік шарты жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде немесе портфельдік кепілдік беру әдісін қолданған кезде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді, осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді және осы Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді "цифрлық үкіметтің" веб-порталының СМЦЖ-бен өзара іс-қимылы арқылы электрондық түрде беруі;

2) СМЦЖ-да кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімнің тіркелуі;

3) СМЦЖ-да деректері СМЦЖ-дың "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған кепілгердің жеке шотының болуы.

16. Сақтандыру бойынша субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) қарыз алушыны субсидиялау графигі қалыптастырылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сақтандыру ұйымының осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімді "цифрлық үкіметтің" веб-порталының СМЦЖ-бен өзара іс-қимылы арқылы электрондық түрде беруі;

2) сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімнің СМЦЖ-да тіркелуі;

3) СМЦЖ-да деректері СМЦЖ-ның "Заңды тұлғалар" немесе "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларымен ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде расталған қарыз алушыда және сақтандыру ұйымында жеке шоттарының болуы;

4) веб-порталда осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын сақтандыру шеңберіндегі қолданыстағы (бұзылмаған және тоқтатылмаған) субсидиялау шартын сақтандыру бойынша субсидиялауға берілген өтінімнің болуы.

17. "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 6-қосымшада жазылған.

Веб-портал мен СМЦЖ-ның ақпараттық өзара іс-қимылы Қазақстан Республикасы цифрлық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Субсидиялар беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМЦЖ істен шыққан жағдайда, ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) туындаған жағдай туралы уәкілетті органды (көрсетілетін қызметті берушіні) дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған ақауды жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оны СМЦЖ-ға орналастырады.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)/уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне субсидия алу сатысы туралы деректердің енгізілуін қамтамасыз етеді.";

19-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) кепілгер СМЦЖ-да өз бетінше тіркеу үшін ЭЦҚ алады;"

21-тармақта:

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Кепілгер кепілдік беру туралы оң шешім қабылдаған кезде 5 (бес) жұмыс күні ішінде СМЦЖ-да кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдік беру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім қалыптастырылады;"

оныншы және он бірінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"Кепілгер қарыз алушыдан өтініш пен құжаттарды алғаннан кейін осы Қағидалардың осы тармағының 1) тармақшасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қарайды және олар бойынша шешім қабылдайды. Кепілгер кепілдік беру туралы оң шешім қабылдаған кезде СМЦЖ-да кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім қалыптастырылады;

3) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінім кепілгердің ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, оған

қол қоюы арқылы СМЦЖ-да тіркеледі және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің)/уәкілетті органның (көрсетілетін қызметті берушінің) жеке кабинетінде қолжетімді болады. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің)/уәкілетті органның (көрсетілетін қызметті берушінің) электрондық мекенжайына кепілдік беру бойынша субсидия алуға арналған алдын ала өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электрондық хабарлама жіберіледі.";

22, 23 және 24-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді/осы Қағидаларға 3-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді/осы Қағидаларға 3-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді қалыптастыру және тіркеу жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) СМЦЖ-ды тексеру үшін қажетті мәліметтер енгізіле отырып, кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/айналым қаражаты толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім қалыптастырылады;

2) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/ көктемгі дала және/ немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша бойынша субсидия алуға арналған өтінім кепілгердің ЭЦҚ-ны пайдалана отырып, қол қоюы арқылы СМЦЖ-да тіркеледі және ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің)/уәкілетті органның (көрсетілетін қызметті берушінің) жеке кабинетінде қолжетімді болады. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің)/уәкілетті органның (көрсетілетін қызметті берушінің) электрондық мекенжайына кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімнің қарауға келіп түскені туралы электрондық хабархат жіберіледі.

23. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)/уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдік беру бойынша бойынша субсидия алуға арналған өтінім тіркелген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде тиісті хабарламаға ЭЦҚ қою арқылы оның қабылданғанын растайды. Субсидиялауға арналған өтінімді растау туралы хабарлама электрондық құжат нысанында СМЦЖ-дағы кепілгердің жеке кабинетіне жіберіледі.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)/ уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) төлем шоттарын қалыптастырған сәтке дейін кепілдендіру бойынша субсидиялауға тіркелген өтінімде/көктемгі дала және/ немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімде/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімде деректердің сәйкессіздігінің болуы анықталса, онда кепілгер кері қайтарып алу себебін көрсете отырып, кепілдік беру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді/айналым қаражатын толықтыруға кепілдік беру бойынша субсидия алуға арналған өтінімді кері қайтарып алады.

24. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші)/ уәкілетті орган (көрсетілетін қызметті беруші) кепілдендіру бойынша субсидиялауға арналған өтінім/көктемгі дала және/немесе егін жинау жұмыстарын жүргізуге кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім/айналым қаражатын толықтыруға кепілдендіру бойынша субсидия алуға арналған өтінім берілген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде мыналарды жүзеге асырады:

1) өтінімдердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеру;

2) осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес болған жағдайда, көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған өтінімді мақұлдау туралы шешім қабылдайды;

3) өтінімді мақұлдау туралы шешім қабылдау қорытындылары бойынша көрсетілетін қызметті беруші Қаржыландыру жоспарына сәйкес "Қазынашылық-Клиент" цифрлық жүйесіне жүктелетін кепілдендіру бойынша субсидияларды төлеуге арналған төлем шоттарын СМЦЖ-да қалыптастырады;

4) осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияны аудару туралы хабарламаны (бұдан әрі – субсидияны аудару туралы хабарлама) не Тізбенің 9-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны (бұдан әрі – мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы хабарлама) дайындайды.

Субсидияны аудару туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама электрондық құжат нысанында СМЦЖ-да тіркеу кезінде кепілгер көрсеткен электрондық почта мекенжайына, сондай-ақ кепілгердің СМЦЖ-дағы жеке кабинетіне жіберіледі.

Өтінімдер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде қаралған кезде келесі өтінім оның келіп түскен күні мен уақытына сәйкес кезектілік бойынша қаралады.";

мынадай мазмұндағы 24-1, 24-2, 24-3 және 24-4-тармақтармен толықтырылсын:

"24-1. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін тоқтата тұру көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің мемлекеттік қызмет көрсету процесін тоқтата тұру жөніндегі шешімі туралы хабарлама жіберілген күннен басталады. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінің өтуі көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін қайта бастау туралы шешім шығарған күннен бастап қайта басталады.

24-2. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай:

1) егер көрсетілетін қызметті алушылардың тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктерді алу құқықтарында құқықтық мирасқорлыққа жол берілсе, азамат қайтыс болған (оның ішінде қайтыс болды деп жарияланған) немесе заңды тұлға қайта ұйымдастырылған, таратылған;

2) азамат Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз және (немесе) әрекет қабілеті шектеулі деп танылған;

3) мемлекеттік органдар қарайтын не сот тәртібімен қаралатын мәселелер шешілгенге дейін мемлекеттік қызмет көрсету мүмкін болмаған жағдайларда тоқтата тұрады.

24-3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесі:

1) осы Қағидалардың 13-2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда – қайтыс болған адамның құқықтық мирасқоры айқындалғанға дейін немесе әрекетке қабілетсіз адамға қорғаншы тағайындалғанға дейін;

2) осы Қағидалардың 13-2-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда мемлекеттік орган ұстанымды айқындағанға дейін немесе сот актісі заңды күшіне енгенге дейін тоқтатыла тұрады.

24-4. Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету процесін мынадай :

1) қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш әсер еткен жағдайда тоқтата тұрады. Мемлекеттік қызмет көрсетудің одан арғы процесіне уақытша кедергі келтіретін еңсерілмейтін күштің әсер етуі деп төтенше жағдайды енгізу, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай қатері немесе оның туындауы түсініледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы заңды өкілдерінің көрсетілетін қызметті алу жағдайларын қоспағанда, оның мемлекеттік қызмет көрсету мерзімінен асатын мерзімде қызметтік іссапарда, медициналық ұйымда стационарлық емделуде болған жағдайда тоқтата тұрады.";

28-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"СМЦЖ-да жеке шот ашу үшін қарыз алушыда және сақтандыру ұйымында ЭЦҚ болуы тиіс.";

31-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ұсынысты СМЦЖ-да тіркеу;"

33-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"33. Ұсыныс бойынша шешімге ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) бірінші басшысының не оны алмастыратын адамның ЭЦҚ-сы қойылады.

Ұсыныс бойынша шешім қарыз алушының және сақтандыру ұйымының СМЦЖ-дағы жеке кабинетіне жіберіледі.";

38 және 39-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімді сақтандыру ұйымы тиісті жылдың 1 ақпанынан бастап береді.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімді алған сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде тиісті хабарламаға ЭЦҚ қою арқылы оның қабылданғанын растайды. Субсидиялауға арналған өтінімді растау туралы хабарлама электрондық құжат нысанында СМЦЖ-ғы сақтандыру ұйымының жеке кабинетіне жіберіледі.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) төлем шоттарын қалыптастырғанға дейін сақтандыру бойынша субсидиялауға тіркелген өтінімде деректердің сәйкессіздігінің болуы анықталса, сақтандыру ұйымы кері қайтарып алу себебін көрсете отырып, сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінімді кері қайтарып алады.

39. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы сақтандыру бойынша субсидиялауға арналған өтінім берілген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде оның осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және тексеру қорытындылары бойынша Қаржыландыру жоспарына сәйкес СМЦЖ-да сақтандыру сыйлықақысы бойынша субсидияны сақтандыру ұйымының банктік шотына аудару үшін "Қазынашылық-Клиент" цифрлық жүйесіне жүктелетін субсидияларды төлеуге арналған төлем шоттарын қалыптастырады.

Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО-ның (көрсетілетін қызметті берушінің) жауапты орындаушысы осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім ішінде субсидияны аудару туралы хабарламаны не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарламаны дайындайды.

Субсидияны аудару туралы хабарлама не мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама электрондық құжат нысанында СМЦЖ-да тіркеу кезінде сақтандыру ұйымы көрсеткен электрондық почта мекенжайына, сондай-ақ кепілгердің СМЦЖ-дағы жеке кабинетіне жіберіледі.";

41 және 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Сақтандыру ұйымы субсидиялау шартын өзгерту/бұзу үшін негіз болып табылатын оқиға туындаған кезде СМЦЖ-да ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі

ЖАО-ны (көрсетілетін қызметті берушіні) осындай оқиға туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

42. Ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі ЖАО (көрсетілетін қызметті беруші) сақтандыру ұйымынан хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде субсидиялау шартын өзгертуге/бұзуға шешім қабылдайды және ресімдейді және бұл туралы қабылданған шешімнің көшірмесін қоса бере отырып, қарыз алушыны және сақтандыру ұйымын СМЦЖ-да хабардар етеді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына 5-қосымшада:

Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын сақтандыру шеңберінде субсидиялау шартында:

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Осы шартқа қол қойған кезде қарыз алушы дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сондай-ақ бизнесті мемлекеттік қолдау шараларын субъектілер бойынша мониторингтеудің цифрлық жүйесін құру жөніндегі жоба шеңберінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға сұраным бойынша оларды беруге келісім береді.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру мен сақтандыру шеңберінде субсидиялау қағидаларына 6-қосымшада:

реттік нөмірі 2-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	"Цифрлық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
---	---	--

";

реттік нөмірі 4-жол мынадай редакцияда жазылсын:

4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара цифрландырылған).
---	-------------------------------------	--

";

реттік нөмірі 6-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
---	--	--------

";

реттік нөмірі 10-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

--	--	--

10	Мемлекеттік қызметті көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушы агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын сақтандыру шеңберінде субсидиялау шартына қол қою кезінде дербес деректерді жинауға, өңдеуге, сондай-ақ бизнесті мемлекеттік қолдау шараларын субъектілер бойынша мониторингтеудің цифрлық жүйесін құру жөніндегі жоба шеңберінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға сұраным бойынша оларды беруге келісім береді. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметін көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті" және мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтамалық қызметтің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 77 77. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: 1) тиісті көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында; 2) мемлекеттік органдардың www.gov.kz интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында орналастырылған.
----	---	---

".